

**«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**



БЕКІТІЛГЕН

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті» Басқармасының шешімімен
«13» ақпан 2025 жыл №13/141 хаттама

**УНИВЕРСИТЕТ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ
ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЯСАТЫ**

Басылым	Дайындалды	Келісілді
Бірінші	А.Т. Шалабай	Р.Қ.Жетібай
		М.Д.Жақауов
		Ж.Е.Ішпекбаев
		А.С.Бектасов

Алматы, 2025 жыл
МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Саясаттың қолданылу аясы	3
3	Саясаттың мақсаттары мен міндеттері	3
4	Қауіпсіздіктің негізгі бағыттары және іс-шаралар жоспары	4
5	Қорытынды ережелер	5

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Университет білім алушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясаты (бұдан әрі – саясат) Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде білім алушылардың физикалық, психологиялық, ақпараттық және академиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Саясат студенттердің әл-ауқаты мен денсаулығын сақтауға, олардың оқыту және даму үдерісінде қауіпсіз ортада болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл құжат тұрақтылық пен адалдық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, барлық білім алушыларға қолайлы, инклюзивті және достық ахуалды білім беру кеңістігін қалыптастыруға негіз болады.

2. САЯСАТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

2.1 Бұл Саясат Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Университет Жарғысына, «Академиялық адалдық» кодексіне, жатақханада тұру қағидаларына, «Психологиялық қолдау қызметі туралы ережеге» және өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сүйене отырып жүзеге асырылады. Ол университеттің барлық құрылымдық бөлімшелеріне, профессор-оқытушылар құрамына, әкімшілік қызметкерлеріне және білім алушыларына бірдей қолданылады. Саясат талаптарын сақтау университеттің оқу-тәрбие және әлеуметтік қызметінің барлық бағыттарында міндетті болып табылады.

3. САЯСАТТЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1 Студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету саясатының миссиясы – әр студенттің білім алу, өзін-өзі дамыту және әлеуетін жүзеге асыру үдерісінде қауіпсіз, адал, әділ және тұрақты орта құру. Осыған байланысты төмендегідей мақсаттар айқындалады:

3.1.1 *Студенттердің физикалық, психологиялық, ақпараттық және академиялық қауіпсіздігін қорғау* – студенттердің оқу процесінде алаңсыз білім алуының басты кепілі. Физикалық қауіпсіздікке университет аумағын қорғау, бейнебақылау, өрт қауіпсіздігі және эвакуация шаралары кіреді. Психологиялық қауіпсіздік буллинг, дискриминация және қудалау жағдайларын болдырмауды қамтиды. Ақпараттық және академиялық қауіпсіздік студенттердің деректерін қорғау және адалдық қағидаларын сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

3.1.2 *Тұрақты даму мәдениетін енгізу* – экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарын университеттің күнделікті өміріне енгізуді көздейді. Білім алушылар мен қызметкерлер арасында ресурстарды үнемдеу, қалдықтарды сұрыптау және экологиялық жобаларға қатысу мәдениеті қалыптасады. Тұрақты даму қағидаттары университеттің стратегиялық құжаттарында және іс-шараларында көрініс табуы тиіс.

3.2. Саясаттың міндеттері:

3.2.1 *Қауіп-қатерлердің алдын алу және болдырмау* қауіпсіздікке

катер төндіретін жағдайларды дер кезінде анықтап, оларды болдырмау бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу; Университет қауіпсіздік бойынша тәуекелдерді бағалайды, мониторинг жүргізеді және алдын алу шараларын қабылдау жүйесін дамытады. Қауіпсіздік қызметтерімен және жергілікті органдармен тығыз байланыс орнату.

3.2.2 Психологиялық және әлеуметтік қолдау қызметтерін жетілдіру
Университетте тұрақты психологиялық консультациялар, тренингтер және әлеуметтік көмек көрсету шараларын ұйымдастыру; Буллинг, дискриминация және зорлық-зомбылықтың кез келген түріне төзбеушілік орнату; Білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету, оқу ақысына жеңілдіктер беру, денсаулық сақтау қызметімен қамтамасыз ету. Бұл қызметтер стигматизациясыз, құпия түрде және кәсіби деңгейде көрсетілуі тиіс.

3.2.3 Дербес деректер мен ақпараттың құпиялығын сақтау
Университет ақпараттық жүйелерде деректерді қорғау стандарттарын сақтап, рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу тетіктерін қолданады. Ақпаратпен жұмыс істейтін қызметкерлер киберқауіпсіздік бойынша арнайы оқытудан өтеді. Бұл студенттердің жеке және академиялық ақпаратын қорғауға мүмкіндік береді.

4. ҚАУІПСІЗДІКТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

4.1. Физикалық қауіпсіздік қызметі. Кіруді бақылау, бейнебақылау, өрт қауіпсіздігі - университеттің барлық ғимараттары мен аумағында студенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Кіруді бақылау жүйесі және бейнебақылау камералары арқылы тәртіп бұзушылықтар мен қауіп-қатерлердің алдын алу жүзеге асырылады. Өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау, эвакуациялық жолдарды белгілеу және оқу-жаттығулар өткізу тұрақты түрде жүргізіледі. Сондай-ақ зертхана және спорт нысандарында қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша нұсқаулықтар беріледі.

4.2. Психологиялық қауіпсіздік қызметі. Жеке және топтық консультациялар өткізу, әрбір білім алушының жеке жағдайын ескеріп, құпиялылықты сақтай отырып психологиялық көмек көрсетеді. Психодиагностика арқылы студенттің психологиялық жағдайын бағалау, психокоррекция арқылы мінез-құлықтағы және эмоциялық күйдегі ауытқуларды түзету, ал психопрофилактика арқылы стрессті және дағдарыстық жағдайларды алдын алу шаралары жүргізіледі. Буллинг, дискриминация, харассмент, қудалау және суицидтің алдын алу мақсатында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарынан бастап, арнайы тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылады. Білім алушылар университеттің senim-kaznpu.kz онлайн-платформасы арқылы анонимді түрде өтінім беріп, кәсіби психологтан кеңес ала алады.

Университет білім алушыларының әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік қолдау және денсаулық сақтау шаралары кешенді түрде жүзеге асырылады. Білім алушыларды жатақханамен қамтамасыз ету мәселесі басым бағыттардың бірі болып, әлеуметтік осал топтағы білім алушыларға бірінші кезекте орын беріледі. Әлеуметтік жағдайы төмен,

көпбалалы отбасынан шыққан және мүмкіндігі шектеулі студенттер үшін оқу ақысына жеңілдіктер ұсынылады. Денсаулық сақтау қызметі студенттердің жыл сайынғы медициналық тексерістен өтуін ұйымдастырып, қажет болған жағдайда жедел медициналық көмек көрсетеді. Университет аумағында алғашқы медициналық пункт жұмыс істеп, денсаулыққа қатысты профилактикалық түсіндіру шаралары және әлеуметтік мәселелер бойынша тренингтер мен кездесулер жүргізеді.

4.3. Ақпараттық қауіпсіздік қызметі. Университеттің деректерін, студенттердің жеке және академиялық ақпаратын қорғауды көздейді. Дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу үшін қауіпсіз аутентификация және қолжетімділікті басқару жүйелері қолданылады. Киберқауіпсіздік бойынша оқыту курстары студенттер мен қызметкерлердің білімін арттырады. Ақпараттық жүйелер үнемі жаңартылып, қауіпсіздік деңгейі тексеріліп отырады.

4.4. Академиялық қауіпсіздік және адалдық «Академиялық адалдық» Кодексінің талаптарын сақтау; Антиплагиат тексерістері және адалдық бұзушылықтарының алдын алу; Этика мен әділ бағалау бойынша түсіндіру жұмыстары. Академиялық қауіпсіздік студенттердің білім алу процесінде әділдік пен адалдық қағидаттарын сақтауын қамтамасыз етеді. «Академиялық адалдық» Кодексінің талаптары қатаң сақталады, ал студенттердің жұмыстарында антиплагиат жүйесі қолданылады. Оқытушылар әділ бағалау қағидаттарын ұстанып, этикалық нормаларды сақтайды. Бұл шаралар білім сапасын арттырып, студенттердің адалдық мәдениетін қалыптастырады.

5. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Осы Саясат Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Басқарма отырысының хаттамасы шешімімен күшіне енеді және университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушылары үшін орындалуы міндетті болып табылады.

5.2. Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар университеттің ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген тәртіппен енгізіледі және белгіленген тәртіпте бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

5.3. Осы Саясаттың ережелерінің орындалуын бақылауды университеттің құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

5.4. Осы Саясаттың ережелерін бұзған тұлғалар Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, Университет Жарғысына және оның ішкі нормативтік актілеріне сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

**«КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ»
НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО**



УТВЕРЖДЕНО

Решением Правления
Некоммерческое акционерное общество
«Казахский национальный педагогический
университет имени Абая»
Протокол №13/141
от "13" февраля 2025 год

**ПОЛИТИКА ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ
ОБУЧАЮЩИХСЯ УНИВЕРСИТЕТА**

Выпуск	Разработано	Согласовано
Первый	Шалабай А.Т	Жетібай Р.Қ
		Жақауов М.Д
		Құдабаев Е.А
		Бектасов А.С

Алматы, 2025 год
СОДЕРЖАНИЕ

1	Общие положения	3
2	Сфера применения политики	3
3	Цели и задачи политики	3
4	Основные направления и план мероприятий по обеспечению безопасности	4
5	Заключительные положения	5

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Политика обеспечения безопасности обучающихся Университета (далее – Политика) направлена на обеспечение физической, психологической, информационной и академической безопасности обучающихся в Казахском национальном педагогическом университете имени Абая. Политика обеспечивает сохранение благополучия и здоровья студентов, создаёт условия для их обучения и развития в безопасной среде. Данный документ, основываясь на принципах устойчивости и честности, служит основой для формирования комфортного, инклюзивного и дружественного образовательного пространства для всех обучающихся.

2. СФЕРА ПРИМЕНЕНИЯ ПОЛИТИКИ

2.1. Настоящая Политика реализуется в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, Уставом Университета, Кодексом «Академическая честность», правилами проживания в общежитии, Положением «О службе психологической поддержки» и иными внутренними нормативными документами. Она применяется ко всем структурным подразделениям университета, профессорско-преподавательскому составу, административным работникам и обучающимся. Соблюдение требований Политики обязательно во всех направлениях учебно-воспитательной и социальной деятельности университета.

3. ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ ПОЛИТИКИ

3.1. Миссией Политики обеспечения безопасности студентов является создание безопасной, честной, справедливой и устойчивой среды в процессе обучения, самосовершенствования и реализации потенциала каждого студента. В связи с этим определяются следующие цели:

3.1.1. Защита физической, психологической, информационной и академической безопасности студентов – является главным условием их спокойного обучения. К физической безопасности относятся охрана территории университета, видеонаблюдение, пожарная безопасность и мероприятия по эвакуации. Психологическая безопасность включает предупреждение буллинга, дискриминации и преследования. Информационная и академическая безопасность обеспечивается защитой данных студентов и соблюдением принципов честности.

3.1.2. Внедрение культуры устойчивого развития – предусматривает интеграцию принципов экологической и социальной ответственности в повседневную жизнь университета. Среди обучающихся и сотрудников формируется культура экономии ресурсов, отдельного сбора отходов и участия в экологических проектах. Принципы устойчивого развития должны отражаться в стратегических документах и мероприятиях университета.

3.2. Задачи Политики:

3.2.1. Предотвращение и недопущение угроз – своевременное выявление и системная работа по устранению ситуаций, угрожающих безопасности. Университет проводит оценку рисков, мониторинг и развивает систему принятия профилактических мер. Устанавливается тесное взаимодействие с охранными службами и местными органами власти.

3.2.2. Совершенствование служб психологической и социальной поддержки – организация регулярных психологических консультаций, тренингов и мероприятий по оказанию социальной помощи; установление нетерпимости к любым формам буллинга, дискриминации и насилия; обеспечение обучающихся общежитием, предоставление скидок на оплату обучения, медицинское обслуживание. Данные услуги должны оказываться без стигматизации, конфиденциально и на профессиональном уровне.

3.2.3. Сохранение конфиденциальности персональных данных и информации – соблюдение стандартов защиты данных в информационных системах университета, применение механизмов предотвращения несанкционированного доступа. Сотрудники, работающие с информацией, проходят специальное обучение по кибербезопасности. Это обеспечивает защиту личной и академической информации студентов.

4. ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ И ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ БЕЗОПАСНОСТИ

4.1. Служба физической безопасности – контроль доступа, видеонаблюдение, пожарная безопасность направлены на обеспечение безопасности студентов во всех зданиях и на территории университета. Система контроля доступа и видеонаблюдения предотвращает нарушения порядка и угрозы. Регулярно проводятся мероприятия по соблюдению требований пожарной безопасности, обозначению эвакуационных путей и проведению учебных тренировок. В лабораториях и спортивных объектах соблюдаются инструкции по технике безопасности.

4.2. Служба психологической безопасности – проведение индивидуальных и групповых консультаций с учётом личной ситуации каждого обучающегося и соблюдением конфиденциальности. Психодиагностика позволяет оценить психологическое состояние студента, психокоррекция – скорректировать поведенческие и эмоциональные отклонения, психопрофилактика – предотвратить стресс и кризисные состояния. Для предупреждения буллинга, дискриминации, харассмента, преследования и суицида проводятся информационно-разъяснительные работы, специализированные тренинги и семинары. Обучающиеся могут анонимно подать заявку и получить консультацию профессионального психолога через онлайн-платформу университета senim-kaznpu.kz.

Социальная безопасность и здравоохранение – комплекс мероприятий по обеспечению социальной защищённости и здоровья обучающихся. Приоритетное предоставление мест в общежитии обучающимся из социально уязвимых групп. Для студентов из малообеспеченных, многодетных семей и лиц с ограниченными возможностями предоставляются скидки на оплату

обучения. Служба здравоохранения организует ежегодное медицинское обследование студентов и оказывает при необходимости неотложную медицинскую помощь. На территории университета функционирует медицинский пункт, проводятся профилактические мероприятия по вопросам здоровья и тренинги по социальным вопросам.

4.3. Служба информационной безопасности – направлена на защиту данных университета, а также личной и академической информации студентов. Для предотвращения несанкционированного доступа к персональным данным применяются безопасная аутентификация и системы управления доступом. Курсы по кибербезопасности повышают уровень знаний студентов и сотрудников. Информационные системы регулярно обновляются и проверяются на уровень безопасности.

4.4. Академическая безопасность и честность – соблюдение требований Кодекса «Академическая честность»; проведение проверок на антиплагиат и профилактика нарушений академической честности; информационно-разъяснительная работа по вопросам этики и справедливого оценивания. Академическая безопасность обеспечивает соблюдение принципов честности и справедливости в процессе обучения. Работы студентов проверяются системой антиплагиата, преподаватели придерживаются принципов объективного оценивания и соблюдают этические нормы. Эти меры повышают качество образования и формируют культуру честности среди студентов.

5. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

5.1. Настоящая Политика вступает в силу на основании решения, оформленного протоколом заседания Правления Казахского национального педагогического университета имени Абая, и является обязательной для исполнения всеми сотрудниками и обучающимися университета.

5.2. Изменения и дополнения в настоящую Политику вносятся в порядке, установленном внутренними нормативными документами университета, и вступают в силу после их утверждения в установленном порядке.

5.3. Контроль за соблюдением положений настоящей Политики осуществляется структурными подразделениями университета в пределах их компетенции.

5.4. Лица, нарушившие положения настоящей Политики, могут быть привлечены к дисциплинарной ответственности в соответствии с Трудовым кодексом Республики Казахстан, Уставом университета и его внутренними нормативными актами.